

**Электр энергетикасының объектілері акцияларының мемлекеттік пакеттерін сату және мүлікті жалға беру жөніндегі тендерлерді дайындау және өткізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 19 маусымдағы N 185. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.07.28. N 247 өкімімен. ~R970247

Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі Д.Т.Дүйсеновке республика бойынша мынадай шараларды жүргізу тапсырылсын :

1. Облыстардың әкімдерімен, Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару және Жекешелендіру жөніндегі департаменттермен бірлесіп электр энергетикасының объектілері акцияларының мемлекеттік пакеттерін сату және мүлікті жалға беру жөніндегі, сондай-ақ аймақтың электр желілерін тарату компаниялары мен электр станцияларының берешектерін қайта құрылымдауға әзірлік және оны жүргізу.

2. Қазақстан Республикасы экономикасының қысқы-күзгі кезеңдегі жұмысына әзірлікті жедел ұйымдастыру және бақылау.

3. Республиканың отын-энергетика кешеніндегі Үкімет шешімдерінің орындалу барысының жүзеге асырылу мәселелері бойынша республикалық селекторлық кеңестер өткізу.

Премьер-Министр